

Көлік құралдарының иелері - Заңды мекемелердің міндетті азаматтық сақтандыру жауапкершілігін енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 7 желтоқсан N 1030. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.10.31. N 1319 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Көлік құралдарының орналасқан иелері - заңды мекемелердің Қазақстан Республикасы аумағында осы құралдарды пайдалану кезінде келтірген зияны үшін міндетті азаматтық сақтандыру жауапкершілігі енгізілсін.

2. Республика аумағында орналасқан шетелдік, бірлескен, тағы басқа ұйымдарды қоса меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан көлік құралдарының иелері - заңды мекемелердің азаматтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады.

3. Осы қаулыға қоса тіркелген N 1 қосымшаға сәйкес әрбір көлікке сақтандыру көлемінің бірыңғай мөлшері белгіленсін.

4. Көлік құралдарының иелері - заңды мекемелердің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі төлемдер өндірістік шығынды сақтандыруға жатады.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер мен ұйымдар міндетті сақтандыру жөніндегі төлемді оларды ұстауға кеткен шығын есебінен төлейді.

Сақтандыру төлемдері сақтандырушы мен сақтандырылушы арасындағы шартта көзделген мерзімде төленеді.

Төлемді уақтылы әрі толық күйінде төлеу жауапкершілігі төлем төлеушіге жүктеледі.

Төлем төлеу мерзімін кешіктіргені үшін әрбір кешіккен күн үшін төленетін соманың 0,1 проценті мөлшерінде өсім алынады. Өсім алынатын кешіктірілген төлем салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер үшін белгіленген тәртіппен алынады.

5. Егер де басқа жағдай көзделмеген болса, сақтандыру қорғанысы шартқа қол қойылғанның ертеңіне күшіне енеді. Келтірілген шығын төлемі азаматтардың денсаулығына зиян келуінің, мүліктердің жойылуының немесе

зақымдануының қай жерде, қай күні болғаны мен себебін растайтын құзырлы органдардың құжаттары негізінде жүргізіледі.

6. Азаматтың немесе заңды мекеменің мүлкіне келтірілген зиянның мөлшері қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен айқындалады және азаматтық жауапкершілікті міндетті сақтандырудың шарты бойынша толық мөлшерде өтеледі, бірақ 75 мың сомнан аспайды.

Жапа шегушінің денсаулығына келтірілген зиянның есесін қайтару осы қаулыға қоса тіркелген N 2 қосымшаға сәйкес келтірілген зақымның деңгейіне қарай белгіленіп тіркелген сома шегінде жүргізіледі.

Жапа шегушіге келтірілген зиян немесе зақым үшін міндетті азаматтық жауапкершілік сақтандыруы жөніндегі өтем ерікті жеке сақтандыру шарты бойынша тиесілі төлемге қарамастан төленеді.

Сақтандыру ұйымдары зиян келтірген жағдайда кінәлі кісіден төленген сақтандыру өтемінің сомасын талап етуге хұқылы.

7. Сақтандырушылар Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы басқармасының тиісті бөлімшелеріне жол-көлік оқиғаларының алдын-алу жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру жөніндегі төлемдерінен 2 процент мөлшерінде аударым жасасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 7 желтоқсандағы
N 1030 қаулысына
N 1, 2 қосымша